

2015 жылға субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 117 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 маусымда № 3923 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 237 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 03.09.2015 № 237 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтотофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 573 қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға субсидияланатын гербицидтердің түрлері және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограммына) арналған субсидиялар нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласы әкімдері осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды алсын.

3. 2014 жылғы 29 шілдедегі № 201 "2014 жылға арналған субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3613 тіркелген, 2014 жылғы 23 тамыздағы "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.

К. Өтеғұловқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Ноғасев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

8 мамыр 2015 ж.

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2015 жылғы
5 мамырдағы № 117 қаулысына
қосымша

2015 жылға субсидияланатын гербицидтердің түрлері және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограммына) арналған субсидиялар нормалары

№	Субсидияланатын гербицидтердің түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	2М4Х 750,75% с.е.к.	литр	30	566
2	Арамо, 4,5% э.к. (тепралоксидим, 45 г/л)	литр	30	1093
3	Балерина, с.э. (Күрделі 2-этилгексилді эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 410 г/л)+флора сулан, 7,4 г/л	литр	30	1226
4	Барс Супер, 10% э.к. (феноксапроп-п-этил, 100 г/л+ мефенпир-диэтил (антидот), 27 г/л)	литр	30	1037
5	Гезагард 500, с.к. (прометрин, 500 г/л)	литр	30	716
6	Готрил, 24% э. к. (оксифлуорфен, 240 г/л)	литр	50	2328
7	Гранстар, 75% қ.а.с. (трибенурон-метил, 750 г/кг)	литр	30	21595
8	Гроза, 60% э.к. (2-этилгексилді эфир, 2,4 дихлорфеноксиуксусты қышқыл, 600 г/л)	литр	50	879
9	Дуал Голд 960, э.к. (С-метолахлор, 960 г/л)	литр	30	1332
10	Зенкор Ультра, с.к. (метрибузин, 600 г/л)	литр	30	2386
11	Клиник 24, с.е.к. (глифосат, с.е.к.)	литр	30	543
12	Ларен Про, с.д.т. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	литр	30	10767
13	Лонтрел Гранд 750, с.д.т. (клопиралид, 750 г/кг)	литр	30	7492
14	Майстер Пауэр, м.д. (форамсульфурон, 31,5 г/л + иодосульфурон-метил-нартия, 1,0 г/л + тиенкарбазон-метил, 10 г/л+ципросульфид (антидот), 15 г/л)	литр	30	2816
15	Праймер, с.д.т. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	литр	30	12337
	Пума Голд, э.к. (феноксапроп-п-этил, 64 г/л+			

16	йодосульфурон-метил)	литр	30	1620
17	Пума-Супер 100,10% э.к. (феноксапроп п-этил, 100 г/л + мефенпир-диэтил (антидот), 27 г/л)	литр	30	1143
18	Пума-Супер 7,5% м.с.э. (феноксапроп п-этил, 69 г/л + мефенпир-диэтил (антидот), 75 г/л)	литр	30	989
19	Раундап Экстра, 54% с.е. (глифосат, 540 г/л)	литр	30	566
20	Робусто, э. к. (2,4-Д қышқылдың 2 этилгексилді эфирі, 850 г/л)	литр	30	502
21	Робусто Супер, э.к. (2 этилгексилді эфир 2,4-Д қышқылы, 905 г/л)	литр	30	513
22	Секатор Турбо, м.д. (натридін йодосульфурон-метилі, 25 г/л + амидосульфурон, 100 г/л + мефенпир-диэтил (антидот), 250 г/кг)	литр	30	3663
23	Стомп, 33% э.к. (пендиметалин,330 г/л)	литр	30	512
24	Титус, 25% қ.а.с. (римсульфурон, 250 г/кг)	литр	30	39960
25	Торнадо 500, с. е. (глифосат, 500 г/л)	литр	30	525
26	Фуроре Ультра, м.с.э. (феноксапроп-п-этил, 110 г/л)	литр	30	1272
27	Эллай Лайт, с.д.т. (метсульфурон-метил, 391 г/кг + трибенурон-метил, 261 г/кг)	литр	30	19709
28	Эстерон, э. к. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 850 г/л)	литр	30	545
29	Эстет 905, э. к. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л)	литр	30	528

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

с.д.т. - сулы диспергерленген түйіршектер;

с.е. - сулы ерітінді;

с.е.к. - суда ерігіш концентрат

м.д. - майлы дисперсия;

с.к. - суспензия концентраты;

э.к. - эмульсия концентраты;

с.э. - суспензияланған эмульсия;

с.к. - суспензиялы концентрат;

м.с.э. - майлы-сулы эмульсия;

қ.а.с. - құрғақ аққыш суспензия;

г/л - грамм/литр;

г/кг - грамм/килограмм.